

Ы.Алтынсарин атындағы Аркалык мемлекеттік педагогикалық институт

*“Негізгі мектеп оқушыларының мамандық таңдауын
ұйымдастыра отырып, кәсіби
бағыт-бағдар беру”*

Орындаған: *Нишанкулов А*

2017-2018 оқу жылы



“Елдің ертеңі – өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтар тәрбиелеу үшін бүгінгі ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әрбір мұғалімнің алдында үлкен жауапкершілікті жүктейді”

Н.Ә.Назарбаев



Жұмыс мақсаты: оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру;



Жұмыстың міндеттері: оқушыларға мамандықтар әлемі

туралы біртұтас мағлұмат беру, оқушылардың өз қызығушылығын, бейінін, қабілетін анықтауы үшін арнайы сауалнамалар жүргізу, кәсіптер бойынша адам қасиеттерінің ерекшелігімен таныстыру, оқушының өзінің танымдық және жеке бас ерекшеліктері мен таңдаған кәсіптік саласына қажет кәсіби сипаттамаларды ұштастыра отырып, кәсіби жолын анықтауына жағдай туғызу;



Күтілетін нәтиже: *оқушының өзінің табиғи әлеуеті мен танымдық мүмкіндігін тануы, жеке танымдық қорытынды мен ішкі қажеттіліктері негізінде кәсіби бағдарлану жолын анықтауы;*



Ескерту

Кез-келген жасөспірім мамандық таңдағанда оның екінші бір қыры – сол мамандық арқылы өсу жолына үлкен мән беруі тиіс. Мұны тым артық кеткендік деп қарауға болмайды. Өйткені, әр жасөспірім өзінің таңдаған мамандығының болашақ болмысы туралы тереңдей зерттеп білгені абзал. Сол үшін ой таразасына салып, өз қалауына сәйкес келетін 2-3 мамандықты салыстырып көру тиімді болмақ.

Оқушыға мамандық таңдауда әсер ететін ең маңызды факторлар



“Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама”

1. Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
2. Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
3. Мамандық таңдар кезінде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттанудың да естен шығармаңыз.
4. Болашақ мамандық таңдар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
5. Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.
6. Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
7. Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
8. Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады.
9. Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса оған үй-ішкі әдебиеттер әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
10. Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.



Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

1. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұларды кез-келген мамандықта қажетті болары сөзсіз!
2. Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
3. Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
4. Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
5. Саған қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Әйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
6. “Жақсы адам” - бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жаңсақ қорытынды жасауға болмайды.
7. Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
8. Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
9. Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
10. Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алмағанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
11. Өзіңмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!



Назарларыңызға рахмет: 😊